



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

14.05.2017 ж.

Қостанай қаласы

№

240

город Костанай

**Банкроттық басқарушыны
шеттегу туралы**

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы №176-V Заңының 12-бабының 10-тармағына және 15-бабының 3-тармақшасына сәйкес, 2017 жылғы 12 мамырдағы «Лиана» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі – ЖШС) кредиторлар жиналысының хаттамасы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Банкроттық басқарушы Дина Туликеновна Абдрахманова хабарлама әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар адамдар хабарламаларының тізілімінен алып тасталғанына байланысты «Лиана» ЖШС-нің мүлігін және істерін басқарудан шеттетілсін.

2. Д.Т. Абдрахманова үш жұмыс күнінен кешіктірмей мерзімде борышкердің барлық құжаттарын, құрылтай, қаржылық және мүлікке құқық белгілейтін құжаттарды қоса, борышкердің барлық мүлкін (активтер), сондай-ақ борышкердің мөріні жаңадан тағайындалған банкроттық басқарушыға тапсырсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басшының орынбасары С.А. Ахметовке жүктелсін.

Департамент басшысы



А. Паяев

011314